**Темір жол көлігінің қуатын арттыру жобасы жөніндегі Халықаралық экономикалық Ынтымақтастық Қоры (Жапония) займының қаражатын пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 19 қараша N 521-ө

"Темір жол көлігінің қуатын арттыру жобасы жөніндегі Халықаралық экономикалық Ынтымақтастық Қоры (Жапония) займының қаражатын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1064 P961064_ қаулысына сәйкес Темір жол көлігінің қуатын дамыту жобасын Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Қорының займымен қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі инвестициялық жобаларды қоса қаржыландыруға 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген жалпы қаражат сомасының есебінен Алматы темір жолы басқармасына 1996 жылы қайтарымды негізде 30 000 000 (отыз миллион) жапон иеніне баламды мөлшерде қаражат бөлісін.

2. Алматы темір жолы басқармасы бөлінген қаражатты қатаң мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК